

Маңғыстау облысы прокуратурасы, Ақтау қаласы, 15шағын аудан №56/1 ғимараты, анықтама телефондары: 8-(7292)-60-51-85 бос лауазымға конкурс жариялайды: Маңғыстау облысының прокуратурасы

09.09.2019 - 11:30 **Конкурс түрі:** Конкурс на занятие вакантных должностей Сотрудника органа прокуратуры

Мұнайлы ауданы прокуратурасының прокуроры С-RGP-5 (1 бос орын);

Түпқараған ауданы прокуратурасының прокуроры С-RGP-5 (1 бос орын);

Маңғыстау ауданы прокуратурасының прокуроры С-RGP-5 (1 бос орын);

Функционалдық міндеттері: қылмыстық қудалау және қоғамдық мүдделерді қорғау бойынша прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру, жедел-іздістіру қызметінің, әкімшілік және атқарушылық [іс жүргізудің](#), азаматтық және қылмыстық істер бойынша, ұсталған, қамауға алынған және қылмыстық жазаны өтеп жатқан адамдардың құқықтарын сақталуын заңдылығын қадағалау, мемлекеттік айыптауды сотта қолдау, азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот отырыстарына қатысу және тағы басқалары. Негізгі міндеттемелерден басқа, прокуратура органдарының барлық қызметкерлеріне тиесілі міндеттерді орындау.

Еңбек ақы төлеу шарты мен көлемі қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді (айлық жалақысы 76274 тенге).

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – жоғары құқықтану (заңтану); денсаулық жағдайы бойынша құқық қорғау органдарында қызмет өткеруге жарамдылығы; нақты лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің, дағдысының болуы;

Құжаттарды қабылдау мерзімі конкурстың соңғы жарияланғаннан кейін 5 жұмыс күндері ішінде төмендегі мекен-жай бойынша жүзеге асырылады: Ақтау қаласы, 15 шағын аудан №56/1 ғимараты.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) белгілі нысанаға сәйкес өтініш;
- 2) белгілі нысанаға сәйкес сауалнама;
- 3) белгілі нысанға сәйкес (тұрғылықты тұратын мекенжайы мен телефонын, оның ішінде байланыс телефонын көрсете отырып) толтырылған кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;
- 4) жақын туыстарын, оның ішінде бұрынғы ерлі-зайыптарын көрсете отырып, белгілі нысанаға сәйкес толтырылған қолмен немесе басылып жазылған толық өмірбаяны;
- 5) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 6) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- 7) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 8) әскери билеттің немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;

9) 3x4 үлгідегі (2 дана) сурет;

10) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтың және оның жұбайының (зайыбының) табыстары мен мүліктері туралы декларацияны тұратын жері бойынша мемлекеттік кіріс органына табыс еткенін растайтын құжаттар;

11) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды өткізу кезінде жарамды, шекті мәннен төмен емес қолданыстағы заңнаманы білуге арналған компьютерлік тестілеудің нәтижелері;

12) прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссиялардан медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, сондай-ақ полиграфологиялық зерттеуден өтудің және міндетті арнайы тексеріс қорытындылары;

13) құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарының соттылығы жоқтығы, сот тәртібімен соңғы бір жылдың ішінде қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмағаны туралы анықтама;

14) соңғы жұмыс (оқу) орнынан мінездеме.

Көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы оларды қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және іскерлік беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтардың берілуі, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері) қосымша ақпарат бере алады.

Маңғыстау облысы прокуратурасының

Кадрлық дамыту тобы

Қайнар: <http://blog.astana.prokuror.kz/kaz/contest/mangystau-oblysy-prokuraturasy-aktaukalasy-15shagyn-audan-no561-gimaraty-anyktama-1>